

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
заң факультетінің 3 курс студенті:
Қыдырбаев Олжас
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы
Даубасова Сулушаш Шынжырханқызы

Трасологияның түсінігі мен ғылыми негіздері

Қылмыстарды ашу мен тергеу кезінде іздер сонау ежелгі заманнан бері қолданылады. Олардың біздің дәуірімізге дейін қолданылғандығын негізінен Ману атты ежелгі үнділік заңдары көрсетеді, оларда қылмыстарды тергеу әрекеті өзінің олжасын қанның іздері бойынша іздеп жүрген аңшының әрекеттеріне ұқсатылады.

Г. Гросс көптеген ғасырлар бойы Үндістанда орын алған із кесушілердің ерекше кастасы – «кхойлар» туралы әңгімелеп берді, ол қылмыскерлерді олардың іздері бойынша іздестірумен айналысатын. Олардың іс-әрекетін сипаттай отырып, ол ежелгі үнді із кесушілерінің таңғажайып қасиеттерін көрсететін бірнеше мысалдар келтіреді [1, 181 б.].

Тергеу әрекетінің жүйесіндегі техникалық тәсілдер тактикалық әдістермен тығыз байланысты. Олар тергеу әрекеті құрамындағы қылмысты тергеу мен оны ашу мақсатында қолданылады. Ұрлық болған жерден қолдың көрінбейтін іздерін табу мәселесін шешу үшін, ұрлық болған жердегі қылмыскердің әрекетінің мазмұны мен оны жасау кезектілігін алдын ала анықтап, объектіні бұзу механизмін модельдеу қажет. Бұларды анықтамай із жеткізушілерді (тасымалдаушыларды) табу мүмкін емес. Тергеу және сараптама қызметіндегі қолданылатын техникалық тәсілдер сонымен бірге криминалистикалық әдістемеден де көрініс табады. Олар нақты сараптамалық немесе тергеу мәселелерін шешуге арналған.

Криминалистикалық техниканың негізгі міндетіне – қылмыскерлердің жеке басы туралы, оның қолданған қаруы, оларды қолдану және жасалған қылмыстың өзге де жағдайлары жөнінде мәліметтерді алу мақсатымен қылмыстың материалдық іздерін табу, бекіту, алу және зерттеу жатады.

Криминалистикалық техниканың ерекшелік сипаты – оның заңға сәйкес қолдануы болып табылады. Криминалистикалық техника заңда көрсетілген тергеу әрекеттерінде қолданылады. Олар Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қарастырылған – қарау, тінту және басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу (фотосуретке түсіру, өлшеу, үлгі алу, қалып жасау және т.б.) кезінде қолданылады.

Тергеу әрекеті барысында қолданылған криминалистикалық техника ол міндетті түрде хаттамаларында бекітілуі қажет. Қарау хаттамасында қандай объект фотосуретке түсірілгендігі, ол қандай нүктеден және қандай әдіспен түсірілгендігі нақты көрсетілуі тиіс.

Егер криминалистикалық техниканы тергеу әрекеттерін жүргізу барысында заңмен белгіленген тәртіп ережелерін сақтамай қолданылған жағдайларда, оның нәтижелері дәлелдемелік күшін жоғалтады.

Криминалистикалық техниканың әдістері қылмыстық процесс шегінен тыс, басқа да, атап айтқанда – анықтама органының жедел-іздігі қызметі кезінде, сондай-ақ, қылмысты алдын алу шараларын жүргізуде де қолданылады [2, 41 б.].

Криминалистикада ғылым мен техниканың жетістіктері кеңінен қолданылуы криминалистикалық техниканың дамуына әкеліп, қазіргі кезде келесідей негізгі салалары қалыптасқан: криминалистикалық техниканың жалпы ережелері; криминалистикалық фотография, дыбыс және бейнежазба; трасология (іздер жөніндегі ілім); криминалистикалық баллистика; криминалистикалық қолжазбатану және автортану; құжаттарды техника-криминалистикалық зерттеу; суық қаруды криминалистикалық зерттеу; криминалистикалық жарылыстану; заттар мен материалдарды криминалистикалық зерттеу; одорология; фоноскопия; адамдарды сыртқы бейне белгілері бойынша теңдестіру; криминалистикалық тіркеу және есепке алу.

Аталған мәселелер арнайы болып табылады, ал осылардың әрқайсысында нақты мәселелер бар және әлі де бола береді.

Яғни бұл нақты мәселелер нысанның түрлеріне, қылмыс іздеріне байланысты болады – атылатын немесе суық қару, қолдың немесе автокөліктің іздері және т.с.с.

Табылған іздер бойынша объектілердің ішінен қажетті жекеленген іздерді немесе оларға қатысты объектілердің түрін, тегін анықтау мәселелері туындайды. Іздерді қалдырған деп табылған объектілерді анықтау мәселелері идентификацияның көмегімен шешіледі.

Іздерді ғылыми тұрғыдан зерттеу кезінде қайсыбір қателіктер жіберіліп отыратын, олар негізінен іздерді зерттеудің ортақ жүйесінің жоқтығынан, тергеу-сот практикасында кездесіп жататын сан-алуан түрлі іздердің толық қамтылмауына, сондай-ақ трасология саласына трасологиялық зерттеуге тән болмайтын нысандарды енгізумен байланысты орын алып отыратын.

Трасологияны едәуір дәрежеде дәл және толық түрде Б.И. Шевченко белгілеген. «Трасология деп заттардың сыртқы құрылысының бейнесі ретінде, сол заттарды сәйкестендіру немесе топтық түрін анықтау мақсатымен, сондай-ақ сол іздердің пайда болуымен байланысты жағдайларды анықтау мақсатымен іздерді зерттейтін криминалистикалық техниканың саласы аталады деп жазады ол». Біздің пікірімізше, трасологияның мұндай анықтамасы қайсыбір дәрежеде трасологияның шекараларын тарылтады, себебі мұнда трасология криминалистік техниканың бір саласы ретінде ғана қарастырылады [35, 69 б.].

Одан кейінгі жылдары бұл анықтаманы кеңейтіп және нақтылауға әрекеттер жасалған болатын. Мысалы, Л.К. Литвиненко, бейне – іздермен қатар, трасологиялық тұрғыдан алғанда іздерге сондай-ақ «беттердің құрылысының сәйкестігін (жыртылу мен сыну іздері) жатқызған, ондай іздер нақты бір нысанды сәйкестендіріп, бөліктері бойынша тұтас бір затты анықтап немесе күштің жұмсалыу бағытын белгілеуге мүмкіндік береді» [2, 41 б.].

Дұрыс анықтаманы Н.А. Селиванов береді, трасологияда нысандардың сыртқы құрылысының іздерде бейнеленуінің заңдылықтары мен түрлі нұсқаларын зерттеу, іздер арқылы іс үшін маңызды болып келетін жағдайлардың әдістемесін – қылмыскердің әрекет ету әдістерін, оның дене бітімінің белгілерін және т.б. зерттеген дұрыс.

Кейбір криминалистер трасологияға оның мәнін бұрмалаумен, трасологиялық зерттеулердің шектерін қысқарат отырып беретін.

Трасология - бұл іздер туралы криминалистикалық зерттеме. Криминалистикада іздің екі ұғымы бар. Кең мағынасын алып қарағанда – бұл қылмыстың кез келген зардаптары: қылмыс жасалған жердегі жағдайдың өзгеруі, басқа заттардың жоғалуы, олардың қасиеттері мен белгілерінің өзгеруі және т.б. Трасология шеңберінде зерттелетін іздер соларды қалдырған нысандардың сыртқы белгілерін көрсететіндігімен ерекшеленеді.

«Трасология» термині келесіні нұсқайды: оның зерттеу тақырыбына іздер (франц. «ла трассе» - із) жатады. Бұл атаудың оқылу әдісі уақыт өте келе өзгеріп отырды: «трассеология» - «трассеология» -«трасология» [3, 24 б.].

Трасология – криминалистік техниканың дәстүрлі саласы болып табылады. Трасология ілімін келесідей ғалымдар ғылыми еңбектерінде жете зерттеген – Б.И. Шевченко, Г.Л. Грановский, Ю.Г. Корухов, Ю.Г. Василевский, М.В. Салтевский, С.И. Поташник, Ю.П. Голдованский, В.М. Прищепа, Я. Бергер, Л.Н. Мороз, Г.А. Мозговых, А.А. Исаев, А.Г. Скоморохова және т.б. Сонымен қатар, И.Ф. Крылов, Ф.П. Сова, В.И. Шикановтардың трасология іліміне қатысты еңбектері бар. Трасологияның ғылыми негізде қалыптасуының өзіндік тарихы бар.

Ең алғаш 1938 жылы «трасология» терминін И.Н. Якимов: «Заттай дәлелдемелер мен іздерді оқу», – деген атаумен трасологияны криминалистиканың жеке бір бөлімі ретінде бөліп қарастыруды ұсынған. Оның берген «іздер» жөніндегі ұғымы кең мағынада қарастырылып, қылмыстардың барлық іздерін қамтыған. Дегенімен де ізді ортақ өндеп жетілдірудің ғылыми негізі трасологиялық зерттеу объектілердің нақты анықтамасын талап етті [2, 69 б.].

1945 жылы С.М. Потапов іздер туралы ұғымдардың әртүрлі болуына байланысты іздің трасологиялық түсінігін бөліп көрсетуге мүмкіндік беретіндей белгілерді ұсынды. Із – тергелетін оқиғамен себепті байланыста болатын құбылыстардың материалдық заттардан көрініс табатын белгілері. Мұнда С.М. Потапов із ұғымын анықтауда: «ізді қылмыстың жалпы материалдық жағдайының өзгеруі ретінде емес, ол белгілердің көрініс табуы» - деп іздер туралы ұғымды (түсінікті) шектейді [2, 69 б.].

1942 жылы және кейіннен де Б.И. Шевченко із жөніндегі ұғымдарды «заттардың басқа да бір материалдық заттарға сыртқы көрініс бейнесін қалдыру (түсіру) трасологияның объектісі болып табылады» – деп толықтырады. Трасология үшін маңызы бар төмендегідей тәртіп ережелерін ұсынған: трасологияның объектісі болып қатты денелердің табылуы; іздің – активті және пассивті іздердің өзара байланысқа түсуі арқылы пайда болуы; қатты денелердің сыртқы құрылысының жекелілігі, олардың сыртқы

көрінісінің бедерінен тұрады, бұл қатты дененің жалпы және қажетті қасиетіне жатуы; объектілердің сыртқы құрылысы ішкі факторлардың – заттың өзіндік қасиеті және қоршаған ортадағы заттардың сырттай әсер етуі арқылы қалыптасуы; объектінің сыртқы құрылысы үздіксіз қозғалыстағы және өзгерістегі қасиеттер ретінде қарастырылуы; трасологиялық идентификация процесі объектінің сыртқы құрылысының қайталанбайтын жеке белгілерінің жиынтығын анықтаудан тұруы; із қалдырушы объектінің сыртқы құрылысының пайда болу процесін зерттеу және де оларды табу, бекіту, алу әдістерін типтендіру үшін, сондай-ақ идентификациялау мақсатында зерттеу әдістемесі мен техникасын өңдеу үшін топтастырулар жасалуы қажет.

Іздердің көмегімен шешілетін мәселелерді идентификациялық және идентификациялық емес деп екі топқа бөлуге болады. Іздер бойынша анықталатын идентификациялық емес сұрақтарды негізінен тергеуші мен криминалист-маман оқиға болған жерде, тінту кезінде шешеді. Идентификациялық сипаттағы мәселелер әдетте трасологиялық сараптама шеңберінде анықталады. Іздердің көмегімен анықталынатын нақты жағдайларды (идентификациялық және идентификациялық емес) төменде көрсетеміз.

Іздерді криминалистикалық зерттеудің негізінде пайда болған негізгі қағидаларға мыналар жатады: материалдық дүниедегі объектілердің жекелілігі, соның ішінде объектінің сыртқы құрылысының жекелілігі. Бір топтық объектілердің сыртқы құрылысы жалпы белгілері бойынша сәйкес келуі мүмкін, бірақ олар жеке белгілері (формасы, көлемі, түрі және т.б.) бойынша ерекшеленеді. Трасологиялық жеке белгілерге – іздің сыртқы қабаты бедерінің (ерекшеліктері) немесе із өрнегінің («суретінің») детальдары жатады. Шабу іздеріндегі бедер детальдары балта қырының тегіс емес кедір-бұдыр жерлерімен қалдырылған қыртыс пен көтеріңкі шыққан, арасы шұңқырланған сызықтардан тұрады; қол саусағынан қалған іздерде папиллярлы өрнектің детальдары қалады, автокөлік дөңгелектерінің протектірлерінен қалған іздерде жекеленген ақау белгілері (мысалы: дөңгелек резенкелерінің жырылуы) қалады; объектілердің сыртқы құрылысының салыстырмалы тұрақтылығы – бұл белгілі бір уақыт аралығында объектінің өз формасы мен басқа объектілерден бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін айрықша белгілерін сақтау қасиеті. Трасологиялық зерттеудің объектісіне тек қана қатты заттар, яғни қасиеттері салыстармалы түрде өзгермейтін объектілер жатады. Із қалдырған объектінің белгілері және ізде көрініс тапқан белгілер белгілі бір уақыт аралығында өзгеріске ұшырамаған жағдайда ғана трасологиялық идентификацияны жүзеге асыруға болады. Қатты заттардың сыртқы құрылысы салыстырмалы тұрақты болғандықтан, олардың іздері ұзақ уақыт аралығында өзгеріске ұшырамайды және зерттеу жүргізу үшін қажетті ақпаратты сақтай алады. Бұл қасиет із қалдырушы мен із қабылдаушы объектілерде әртүрлі көрініс табуы да мүмкін. Мысалы, бұзу құралының бөгетте қалдырған ізі уақыттың өтуіне карамастан өзгеріске ұшырамайды, ал тістің тағамда (алма, алмұрт)

қалдырған ізі аз уақыттың ішінде де өзгеріске ұшырайды; объектілердің сыртқы құрылысы, соның ішінде оның жеке белгілері (детальдары), белгілі бір жағдайларда басқа бір объектілерде өз бейнесін дәлме-дәл түсіру қабілетіне ие жеке белгілердің дәлме-дәл, әрі толық көрініс табуы. Жеке белгілердің толық және дәлме-дәл көрініс табуы іздің пайда болу жағдайларына байланысты. Олардың негізгісіне – із қалдырушы мен із қабылдаушы объект материалдарының физикалық қасиеті жатады. Сонымен қатар, объектілердің қарым-қатынасқа түсу механизмі де жатады. Із қабылдаушы объект неғұрлым иілімгіш (созылмалы), құрамдық құрылысы ұсағырақ болса, пайда болатын іздің детальдары соғұрлым нақтырақ, айқынырақ көрініс табады; пайда болатын ізде объектінің сыртқы құрылысының көрініс табуы айналы түрде кері жүретін процестің нәтижесі түрінде қарастыруға болады. Мысалы: дөңес (шығыңқы) объектілер (аяқ киім ұлтаны (табаны) жұмсақ материалдарда: құмда, лай-батпақтарда) көлемді іздерді қалдырады. Іздің пайда болу кезіндегі жағдайларға қатысты басқа да өзгешеліктерді байқауға болады. Мысалы: беткі қабаттың бедерлі болуынан із тырнанып түседі.

Әрбір қылмыстық акт қоршаған ортада өзгерістерді тудырады. Қылмыстық іс-әрекеттерді іздер бейнелейді. Трасология негізінен іздерді – соларды қалдырып кеткен нысанның белгілерін көрсететін бейнелерді: қолдың ізін, сыну ізін, доңғалақтың ізін немесе қылмыстың механизмін: қанның ізін, жіптерді зерттейді [4, 78 б.].

Қылмыстық оқиға, әдетте, оқиға орын алған жерде, айналасындағы жағдайдың, қылмыскердің өзінде және оның құрбанында әртүрлі материалдық өзгерістердің туындауына әкеледі. Кең мағынадан алып қарағанда олар қылмыстың іздері деп аталады. Қылмыстық іздер аса сан-алуаны түрлі болып және төмендегідей түрде байқалуы мүмкін:

- бұрын болған заттардың жоғалуы (мысалы, талан-таражға салу кезінде) немесе олардың қалпының өзгеруі;

- қандай да бір жерде жаңа бұйымдардың немесе заттардың пайда болуы (мысалы, қылмыскер қалдырып кеткен қылмыс қаруы, тасталған темекі тұқылы); сырттан әсер етудің нәтижесінде жекелеген заттардың қалпының немесе олардың бетінің өзгерулері (сындырылған құлып, едендегі аяқтың іздері, қылмыскердің киіміндегі қан іздері және т.б.).

Қылмыстық оқиғамен себептік байланыста болумен, іздер оқиғаның жекелеген мән-жайы туралы, қылмыскердің әрекеттері мен іздердің пайда болуына қатысқан нақты нысандардың ерекшеліктері туралы ақпаратты береді. Сондықтан іздер қылмыстарды ашудың, қылмыскерлерді іздестіру мен әшкерелеудің аса маңызды құралы болып табылады. Олар орын алған оқиғаның сипаты мен егжей-тегжейлері туралы, қылмыскерлердің саны мен кейбір дене бітімінің ерекшеліктері туралы, олар пайдаланған құралдардың түрі мен ерекшеліктері туралы дұрыс көзқарас қалыптастыруға, сондай-ақ кейбір жағдайларда нақты нысандарды анықтауға мүмкіндік береді.

Іздердің әртүрлі сипаты және тергеу барысында солардың көмегімен өздерін шешуге тура келетін мәселелердің мазмұны әртүрлі саладағы білімдерін тартудың

қажеттігіне негіз болады. Іздермен жұмыс істеген кезде криминалистикалық техниканың құралдарын, тәсілдері мен әдістерін қолданумен байланысты тергеу практикасының қажеттіліктері оның арнайы саласы – іздер туралы криминалистикалық ілімнің қалыптасуына әкелді.

Іздердің криминалистикалық талдауының маңызы тергеліп отырған оқиғаның әртүрлі жағдайларын анықтаудың мүмкіндіктерімен белгіленеді. Бұл ретте басқа да криминалистикалық зерттеулердегідей сәйкестендіру және диагностикалық мәселелер шешіледі. Алғашқыларына нысанды ол қалдырып кеткен іздер бойынша теңестіру және топтық түрін, соның ішінде ортақ пайда болу көзін анықтау жатады [5, 92 б.]. Диагностикалық мәселелерді шешу кезінде ең алдымен іздердің пайда болу механизмі анықталады: нысандардың іздер пайда болған сәттегі өзара әрекеттесуі.

Оқиға орнындағы іздердің сипатын, олардың орналасу ерекшеліктерін зерттеу қылмыстың қалай жасалғандығын көзге елестетуге мүмкіндік береді: тоналған панажайдың есіктері қалайша сындырылған, құлыптары қалай бұзылған және т.б. Осының барлығын зерттеу келешекте осы қоймаларды немесе олардың құлыптарын қылмыскерлер бұза алмайтындай не істеу керектігін алдын-ала көріп, және сол арқылы ықтимал қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді [6, 45 б.].

Осылайша, трасология дегеніміз – бұл іздің пайда болу механизмін анықтау, із құраушы нысандардың топтық түрін және сәйкестендіру жекедаралығын белгілеу мақсатында бейне-іздерді табудың, тіркеу мен зерттеудің ғылыми-техникалық құралдары мен әдістерін әзірлейтін криминалистикалық техниканың саласы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Криминалистика. Учебник для вузов. /Отв.ред.проф.Н.ПЯблоков. М., 1995. - 708 с.
2. Криминалистика: Учебник. / Под ред. Т. А. Сецовой, А. А. Эксархопуло. - СПб: Изд-во С.-Петербургского ун-та, 1995. - 528 с.
3. Терзиев Н. В. Идентификация и определение родовой (групповой) принадлежности. - М., 1961. – 120 с
4. Митричев В. С. Научные основы и общие положения криминалистических идентификационных исследований физическими методами: Автореф. дисс. на соиск. Ученой степени доктора юридических наук. - М., 1971. - 89 с
5. Криминалистика: учеб. для вузов/Под ред.И.Г.Герасимова и Л.Я. Драпкина. - М., 1994. - 528с.
6. Мальков В. Д. Незаконное ношение, хранение, изготовление или сбыт оружия или взрывчатых веществ. // Преступление против общественной безопасности, общественного порядка и здоровья населения. - М., 1970. С. 123-128.